

Алматы облыстық мәслихатының регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облыстық мәслихатының 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 5-40 шешімі. Алматы облыстық Әділет департаментінде 2004 жылғы 27 мамырда N 1646 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы N 40-230 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2010.12.27 N 40-230 Шешімімен

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 9-бабына сәйкес Алматы облыстық мәслихат

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы облыстық мәслихатының регламенті қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Алматы облыстық мәслихатының 2000 жылғы 12 мамырдағы "Алматы облыстық мәслихатының регламенті туралы" N 4-30 шешімінің күші жойылды.

Облыстық мәслихат

сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Облыстық

2004

5 - 4 0

қосымша

жылғы

13

мәслихаттың

сәуірдегі

шешіміне

III шақырылған Алматы облысы мәслихатының РЕГЛАМЕНТІ

I БӨЛІМ.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Алматы облыстық мәслихаты Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес облыс аумағындағы тұрғындардың өкілетті органы болып табылады. Ол жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, халықтың ерік-жігерін білдіреді және жүзеге асырады.

Алматы облыстық мәслихаты мен оның органдарының қызмет тәртібін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы және Қазақстан Республикасының заң актілері, сондай-ақ осы регламент белгілейді.

2. Облыстық мәслихаттың қызметі облыс тұрғындарының еркін білдіруге, мәселелерді ұжыммен, еркін талқылауға және шешуге, қоғамдық пікірдің жариялылығы мен есепке алынуына және жергілікті биліктің, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңымен және басқа заңдармен белгіленген мәселелер бойынша мәслихаттың бақылауында болуына және есеп беруіне, азаматтарды облыстың мемлекеттік және қоғамдық істерін басқаруға кеңінен тартуға, мәслихаттың өз құзыреті шегіндегі дербестігіне және тәуелсіздігіне, облыс пен республика мүдделерінің үйлесімділігіне негізделеді.

3. Облыстық мәслихаттың қызметінде, облыстық мәслихаттың депутатының Қазақстан Республикасының Конституциясымен, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңымен, Қазақстан Республикасының басқа заңдарымен, осы регламентпен белгіленген құқықтары мен міндеттерін кедергісіз және тиімді жүзеге асыруына қажетті жағдай жасалады.

Алматы облыстық мәслихатының депутаты өзінің өкілеттігін өндірістен немесе лауазымдық қызметінен қол үзбестен жүзеге асырады.

II БӨЛІМ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ 1 Тарау. Облыстық Мәслихаттың аппараты

4. Облыстық мәслихаттың аппараты дегеніміз облыстық мәслихаттың, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме.

5. Облыстық мәслихаттың аппараты төмендегі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мәслихаттың және оның органдарының ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық, құқықтық, ақпараттық, консультативтік қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

2) депутаттарды өткізілетін мәжілістердің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімнің жобаларымен және тиісті құжаттармен, сондай-ақ басқа қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді;

3) пленарлық мәжілістерге, тұрақты комиссиялардың мәжілістеріне қатысады және депутаттарға мәслихат шешімдері мен қорытындыларының жобаларын сапалы дайындау мәселелерінде көмек көрсетеді;

4) мәслихат сессияларының, оның регламентіне сәйкес өткізуге байланысты

- дайындық және ұйымдастыру-техникалық жұмыстарын қамтамасыз етеді;
- 5) Азаматтардың мәслихаттың атына жіберілген хаттарын, арыз-шағымдарын есепке алады және қарайды, олардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады, қажет болған жағдайда олар бойынша жауап дайындайды;
 - 6) мәслихаттың депутатына, оның өз өкілеттігін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, консультативтік және әдістемелік көмек көрсетеді, депутаттардың сұранымдарының, ұсыныстарының және ескертулерінің дер кезінде қаралуы мен жүзеге асырылуын бақылайды;
 - 7) депутаттар өздерінің өкілеттігін жүзеге асырған кезде, олар жасаған ұсыныстар мен ескертулерді есепке алады және қорытады;
 - 8) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың ұсыныстарын есепке алады, осы ұйымдардың өкілдерімен және басқа мүдделі тұлғалармен депутаттардың кездесуін ұйымдастырады;
 - 9) тұрақты комиссиялардың мәжілістерін, мәслихаттың сессиясына енгізілген мәселелердің тұрақты комиссияларда алдын-ала талқылануын ұйымдастырады, қажетті материалдармен қамтамасыз етеді;
 - 10) әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуге жататын нормативтік-құқықтық шешімдерді дайындайды және олардың мемлекеттік тіркелуін жүзеге асырады;
 - 11) мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік-құқықтық шешімдерді бұқаралық ақпарат құралдарында ("Жетісу", "Огни Алатау") ресми жариялауға дайындайды;
 - 12) мәслихат шешімдерінің және басқа құжаттардың жіберілуін қамтамасыз етеді;
 - 13) мәслихат сессиялары мен басқа мәжілістерінің хаттамалары мен стенограммаларын жүргізеді;
 - 14) іс қағаздарын жүргізеді.

2 Тарау. Облыстық мәслихаттың сессиялары

6. мәслихат сессиясы төрағасының сессияны шақыру, оны өткізетін жер мен уақыты туралы шешімі сессияға 10 күн бұрын қабылданады және облыстық баспасөзде жарияланады. Сессияның қарауына енгізілетін мәселелер бойынша материалдарды (талдау анықтамалары, шешімдердің жобалары және басқалар) тиісті тұрақты комиссиялар, облыстық әкімдік немесе сессияда мәселені қараудың басқа инициаторлары дайындайды. Бұл материалдар сессия басталардан 15 күн бұрын облыстық мәслихаттың аппаратына тапсырылуы тиіс. мәслихаттың хатшысы сессия басталардан кем дегенде 5 күн бұрын, ал кезектен тыс сессия шақырылған жағдайда 3 күн бұрын материалдарды

депутаттарға және облыс әкіміне ұсынады.

Облыстық мәслихаттың сессиясында қарауға ұсынылған материалдар тұрақты комиссияларда алдын-ала талқыланады.

Осы талаптар бұрмаланған жағдайда, хатшы мәселені күн тәртібінен алып тастай алады, ал бұрмалаушыларға байланысты оларды жауапқа тарту жөнінде мәселе көтеруге құқылы.

7. Облыстық мәслихаттың сессиясы оның пленарлық мәжілістерінен, сондай-ақ олардың арасында өткізілетін облыстық мәслихаттың тұрақты және басқа комиссияларының мәжілістерінен тұрады.

Сессияның ұзақтығы оның күн тәртібіне енгізілген мәселелердің санына және оларды талқылауға қажет уақытқа байланысты болады.

Сессия облыстық мәслихаттың мәжілістерінде ашылады және жабылады.

8. Облыстық мәслихаттың мәжілістері, осы мәслихатқа сайланған депутаттар санының кем дегенде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда ол заңды болып табылады.

Әрбір мәжілістің алдында оған қатысуға келген депутаттарды тіркеу жүргізіледі.

Облыстық мәслихаттың мәжілісіне келуге мүмкіндік болмаған жағдайда депутат бұл жөнінде облыстық мәслихат сессиясының төрағасына немесе мәслихаттың хатшысына мәжіліс ашылғанға дейін хабарлауға міндетті.

9. Облыстық мәслихат сессиясының күн тәртібі және жұмыс тәртібі оның бірінші пленарлық мәжілісінде талқыланады және облыстық Мәслихаттың депутаттары ашық дауыс бере отырып, өздерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен бекітеді.

Сессияда қарауға ұсынылған мәселелердің депутаттарға алдын-ала жіберілген тізбесіне облыстық мәслихат сессиясының төрағасы өзгерту немесе толықтыру енгізген жағдайда пленарлық мәжіліске төрағалық етуші бұлар жөнінде ұсыныс жасайды.

Сессияның күн тәртібі мен жұмыс тәртібін талқылаған кезде облыстық мәслихаттың депутаттары өздерінің ұсыныстары мен ескертулерін ауызша және жазбаша түрде енгізуге құқылы. Ауызша ұсыныстар мен ескертулерді депутаттар шығып сөйлеу арқылы жеткізеді, жазбаша түрдегісін мәжіліс үстінде төрағалық етушіге беріп жібереді және төрағалық етуші оларды түсу ретіне қарай жариялайды.

10. Мәселені сессияның күн тәртібіне енгізуді облыстық мәслихат депутаттарының кем дегенде үштен бір бөлігі талап еткен жағдайда, сессия төрағасы түскен ұсыныстарды сессияның күн тәртібіне енгізу мәселесін, әрбір ұсыныс бойынша сессияға қатысушы облыстық мәслихат депутаттары санының қарапайым көпшілік дауысымен ашық дауысқа салу жолымен шешеді.

11. Сессияның мәжілісіне және тұрақты комиссиялардың мәжілісіне мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, ұжымдардың, ғылыми мекемелердің, баспасөз, телевидение, радио өкілдері, сондай-ақ сессия төрағасының және облыстық мәслихат хатшысының келісімімен басқа адамдар ш а қ ы р ы л а д ы .

Алматы облысынан сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары облыстық мәслихат сессиясының жұмысына кеңесші дауыс беру қ ұ қ ы ғ ы м е н қ а т ы с а д ы .

Мәжіліске төрағалық етуші депутаттарды мәслихаттың мәжілісіне шақырылғандардың құрамы және саны туралы хабардар етеді.

Шақырылғандар мәслихаттың жұмысына араласуға құқылы емес, қолдайтыны немесе қолдамайтыны жөнінде ниет білдіруден қалыс қалуға, тәртіпті сақтауға және төрағалық етушінің билігіне бағынуға міндетті. Олар, талқыланатын мәселелер бойынша өз кезектерін сақтай отырып, шығып сөйлей а л а д ы .

Облыстық мәслихат сессиялары туралы ақпараттық хабарламалар, олардың мәжілістері туралы есептер, сондай-ақ облыстық мәслихат Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы нормативтік актілері туралы" Заңына сәйкес қабылдаған барлық нормативтік-құқықтық актілер ресми түрде " Жетісу" және "Огни алатау" газеттерінде жарияланады.

12. Облыстық мәслихаттың сессиясында жұмысты бір ғана мемлекеттік тілде жүргізу жөнінде шешім қабылданбаған жағдайда, жұмыс қазақ және орыс т і л д е р і н д е жү р г і з і л е д і .

Облыстық мәслихаттың депутаты бұл тілдерді білмеген жағдайда ол басқа тілде сөйлеуге құқылы. Оның сөйлеген сөзі қазақ және орыс тілдеріндегі аудармамен қамтамасыз етіледі. Облыстық мәслихаттың депутаты өзінің басқа тілде сөз сөйлеу жөніндегі ниетін төрағалық етушіге алдын-ала білдіреді.

13. Алматы облыстық мәслихаты басқа шешім қабылдамаған жағдайда, бір күнде екі мәжіліс өткізеді: таңертеңгі сағат 10-нан 14-00-ге дейін, үзіліс - 20 минут және кешкі сағат 15-00-ден 19-00-ге дейін, үзіліс - 20 минут.

Сессияларда баяндама жасау үшін әдетте бір сағат мөлшерінде, қосымша баяндама жасауға 20 минутқа дейін уақыт беріледі. Жарыссөзде сөйлеушілерге 7 минутқа дейін, жарыссөзде екінші рет шығып сөйлеушілерге, сондай-ақ шешімдер жобаларының жекелеген тармақтарын талқылаған кезде шығып сөйлеушілерге 3 минутқа дейін уақыт беріледі. Кандидатуралар, мәжілісті жүргізу тәртібі, дауыс беру себептері бойынша шығып сөйлеушілерге, мәлімдеме жасаушыларға, сұранымдар, мәселелер мен, ұсыныстар енгізушілерге, хабарламалар жасаушыларға анықтамалар 3 минутқа дейін уақыт беріледі. Депутаттардың басым көпшілігінің келісімімен төрағалық етуші шығып

сөйлеушілерге берілетін уақыттың мерзімін ұзарта немесе қысқарта алады.

Шығып сөйлеу трибунадан немесе залға орнатылған микрофондардан жүзеге асырылады.

Облыстық мәслихат сессиясының күн тәртібінде сұраным жасауға немесе мәселелер көтеруге қажетті уақыт резерві ескеріледі. Осы мақсаттарда сұранымдар мен көтерілетін мәселелерді енгізуге және оларға берілетін жауаптарды баяндауға арналған арнайы мәжілістер жоспарлануы, сондай-ақ мәжілістің аяғында уақыт берілуі мүмкін.

14. Жарыссөзде шығып сөйлеуге сөз беру туралы өтініш облыстық мәслихат сессиясының төрағасы немесе мәслихат хатшысы атына алдын-ала, сессия шақыру туралы шешім жария етілгеннен кейін тікелей мәжіліс барысында немесе төрағалық етушінің атына жіберіледі.

Сессия жүргізу тәртібі, анықтама жасау, сұраққа жауап беру және түсінік беру жөнінде шығып сөйлеймін деушілерге төрағалық етуші кезектен тыс сөз беруі мүмкін.

Баяндамашыларға қойылатын сұрақтар жазбаша түрде немесе залда орнатылған микрофондар арқылы беріледі, бұл жерде сұрақ қоюшы өзін таныстырып өтеді.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы, облыстық мәслихаттың хатшысы және облыс әкімі, сондай-ақ облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының төрағалары кез-келген уақытта шығып сөйлеуге рұқсат алуға құқылы.

15. Облыстық мәслихаттың депутаты бір мәселеге байланысты ары кеткенде екінші рет шығып сөйлей алады.

Облыстық мәслихаттың мәжілісінде шығып сөйлеуші өзінің сөзінде дөрекі және әдепсіз сөздерді пайдалануға, заңсыз және қысым жасайтын іс-әрекеттерге шақыруға тиісті емес. Сөйлеу барысында мемлекетке қарсы пиғыл білдірмеуі, депутаттар, облыс тұрғындары арасында ұлттық және нәсілдік негізде және тағысын тағы да өшпенділік тудыратын сөздер айтылмауы тиіс. Төрағалық етуші мұндай жағдайларға жол берілмейтіндігі жөнінде ескерту жасауға құқылы. Екінші ескертуден кейін шығып сөйлеуші сөйлеу құқығынан айырылады және оларға талқыланатын мәселе бойынша екінші рет сөз сөйлеуге мүмкіндік берілмейді.

Сөз сөйлеуші талқыланатын тақырыптан ауытқыған жағдайда төрағалық етуші талқыланатын мәселеден алшақ кетпеуге шақырады.

16. Жарыссөз барысында төрағалық етуші талқыланған мәселе бойынша пікірлердің әртүрлілігін анықтауды қамтамасыз етеді.

Жарыссөз сессияға қатысушы депутаттар санының қарапайым көпшілік дауысымен, ашық дауыс беру жолымен қабылданған облыстық мәслихаттың шешімі бойынша тоқтатылады. Жарыссөзді тоқтату жөнінде мәселе қойылғанда

төрағалық етуші депутаттарды шығып сөйлеуге ниет білдірген және шығып сөйлеген облыстық мәслихат депутаттарының саны туралы хабардар етеді.

Облыстық мәслихат мәжілісінің стенографиялық есебіне, жарыссөздің тоқтатылуына байланысты шығып сөйлеуге мүмкіндігі болмаған депутаттардың өтініші бойынша сөйлейтін сөздердің мәтіндері енгізіледі.

17. Облыстық мәслихат сессиясының мәжілістерінде қаралатын мәселелер бойынша шешім ашық дауыс беру жолымен қабылданады. Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы регламентте, Қазақстан Республикасының заңдарында ескерілген жағдайларда немесе облыстық мәслихаттың қатысушы депутаттары санының кем дегенде үштен бір бөлігінің талап етумен жабық дауыс беру жүргізіледі.

18. Ашық дауыс беру басталардың алдында төрағалық етуші дауысқа салынатын ұсыныстардың санын көрсетеді, олардың тұжырымдарын нақтылайды, шешімнің қандай көпшілік дауыспен қабылданғанын естеріне с а л а д ы .

Дауыс беру, бірде бір депутат басқасын талап етпеген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда дауыс санын санамастан, онсыз да айқын көпшілік дауыспен жүргізілуі мүмкін.

Дауыс санын есептеу аяқталғаннан кейін төрағалық етуші дауыс беру нәтижесі бойынша ұсыныстың қабылданғаны немесе қабылданбағаны жөнінде ж а р и я е т е д і .

19. Жасырын дауыс жүргізу және оның қорытындысын анықтау үшін облыстық мәслихат ашық дауыспен депутаттардың ішінен санақ комиссиясын сайлайды. Оған, кандидатуралар сайлайтын органдар құрамына немесе лауазымдық қызметке енгізілмеген депутаттар кіре алады.

Санақ комиссиясы өзінің құрамынан комиссия төрағасын және хатшысын сайлайды. Санақ комиссиясының шешімі оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қ а б ы л д а н а д ы .

Бюллетеньдер санақ комиссиясының бақылауымен, ол белгілеген нысанда және мөлшерде дайындалады. Жабық дауыс беруге арналған бюллетеньдерде дауыс беруге қажетті ақпарат болады.

Дауыс беру уақытын және өтетін жерін, дауыс беру тәртібін осы регламенттің негізінде санақ комиссиясы белгілейді және санақ комиссиясының төрағасы бұл жөнінде хабарлайды.

Жабық дауыс беруге арналған бюллетеньдерді облыстық мәслихат депутаттары өздерінің куәліктерін көрсеткеннен кейін, депутаттардың тізіміне сәйкес санақ комиссиясының мүшелері оларға қолтаңбаларын қойдыра отырып, б е р е д і .

Бюллетеньдерді депутат, өзі қарсы дауыс беретін кандидаттың бюллетеньдегі

аты-жөнін сызып тастау, ал шешім жобасы бойынша берілген бюллетеньді (шешім қабылдау түрі) ұсынылған шешімдер түрлерінен кейінгі "иә" немесе " қарсы" сөздерін сызып тастау жолымен толтырады.

Белгіленген нысанға сәйкес келмейтін бюллетеньдер, ал лауазым иелерін сайлау кезінде бір лауазымға екі немесе үш кандидатуралар қалдырылған бюллетеньдер жарамсыз деп танылады. Дауыс санын есептеу кезінде бюллетеньге қосымша жазылған фамилиялар есепке алынбайды.

20. Санақ комиссиясы жабық дауыс беру қорытындысы туралы хаттама дайындап, оған санақ комиссиясының барлық мүшелері қол таңбаларын қояды. Санақ комиссиясының баяндамасы бойынша облыстық мәслихаттың сессиясы ашық дауыспен жабық дауыс беру қорытындысын бекіту туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

21. Облыстық мәслихаттың депутаты дауыс беру кезіндегі құқығын жеке өзі жүзеге асырады. Дауыс беру кезінде құқығын басқа біреуге беруге тиым с а л ы н а д ы .

Дауыс беру кезінде болмаған депутат өзінің дауысын кейінірек беруге қ ұ қ ы л ы е м е с .

22. Дауыс беру кезінде оның өткізілуіне және техникасына байланысты бұрмалаушылықтардың орын алғаны анықталған жағдайда облыстық мәслихат сессиясының шешімімен екінші қайтара дауыс беру жүргізіледі.

3 тарау. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялары

23. Қазақстан республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңына сәйкес мәслихаттың бірінші сессиясында өз өкілеттігі мерзіміне мәслихатты жүргізуге, алдын-ала қарау мен дайындауға, оның шешімдерін, Қазақстан Республикасының заң актілерін іс жүзіне асыруға жәрдемдесу үшін тұрақты комиссиялар құрады.

Тұрақты комиссиялардың тізбесі облыстық мәслихат сессиясының шешімімен бекітіледі, қажет болған жағдайда жана тұрақты комиссиялар құрылуы, бұрын құрылғандары таратылуы және қайта құрылуы мүмкін.

24. Облыстық мәслихат, құрамы төрағадан және комиссия мүшелерінен тұратын тұрақты комиссияларды, комиссия құрамы бойынша бүтіндей немесе әр кандидатура бойынша жеке-жеке ашық дауысқа салу жолымен сайлайды.

Тұрақты комиссиялардың саны, олардың тізбесі, құрамы және комиссия төрағаларының кандидатуралары туралы ұсынысты облыстық мәслихаттың х а т ш ы с ы е н г і з е д і .

Тұрақты комиссиялардың құрамына, әдетте облыстық мәслихаттың депутаттары, олардың не ана, не мына комиссияда жұмыс істеу ниеті мен тілегін

ескере отырып енгізіледі.
Депутат облыстық мәслихаттың бір ғана тұрақты комиссиясының мүшесі
бола алады.

Мүшелердің бәрі тең құқықты пайдаланады.

25. облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялары төраға орынбасарларын, тұрақты комиссиялар хатшыларын сайлайды. Тұрақты комиссиялар өздерінің қызметінің негізгі бағыттары бойынша секторлар құруы мүмкін.

26. Облыстық мәслихат, тұрақты комиссиялардың құрамына олардың төрағаларының ұсынысымен өзгерістер енгізуге құқылы. Бұл ұсыныстарды мәслихаттың қарауына төрағалық етуші енгізеді.

Тұрақты комиссиялар төрағаларының өкілеттігін облыстық мәслихат, осы тұлғалардың өтінішімен, сондай-ақ олардың өздерінің міндеттемелерін орындау мүмкіндігі болмауына байланысты мерзімінен бұрын тоқтатуы мүмкін.

27. Тұрақты комиссиялардың бір мәселеге байланысты позициялары үйлеспеген жағдайда олар үйлеспеушілікті жою шараларын қабылдайды. Комиссиялар келісімге келе алмаған жағдайда олар өздерінің пікірлерін облыстық мәслихаттың сессиясына жеткізіп, онда ақтық шешім қабылданады.

4 Тарау. Облыстық мәслихаттың уақытша комиссиялары

28. Облыстық мәслихат өз қызметінің кез-келген мәселелері бойынша уақытша комиссиялар құра алады.

Мәслихат депутаттары облыстық мәслихаттың депутаты болып табылмайтын мамандар және іс жүзіндегі қызметкерлер арасынан уақытша комиссия құрамындағы комиссия төрағасы мен комиссия мүшелерін ашық дауыспен сайлайды.

Облыстық мәслихаттың комиссия құрамына сайланбаған депутат оның жұмысына кеңесші дауыспен қатысуға құқылы.

Уақытша комиссияның мәжілістері ашық болып табылады. Комиссия жабық мәжіліс өткізуге құқылы.

29. Уақытша комиссия облыстық мәслихатқа есеп береді және оның алдында жауапкершілікте болады.

Облыстық мәслихаттың уақытша комиссияларының қызметіне кедергі келтіретін лауазым иелері, қолданыстағы заңдарға сәйкес жауапқа тартылады.

Комиссия қызметінің нәтижелері бойынша облыстық мәслихатқа, өзінің құрылуына байланысты мәселе туралы баяндама жасайды. Комиссияның, айырықша пікірі қалыптасқан әрбір мүшесі немесе комиссия мүшелерінің тобы оны облыстық Мәслихаттың мәжілісінде жария етуге құқылы. Комиссияның

баяндамасы бойынша облыстық мәслихат шешім қабылдай алады.

Уақытша комиссия өзінің қызметін өзіне жүктелген міндеттерді орындағаннан кейін немесе облыстық мәслихаттың шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатады.

III БӨЛІМ.

МӘСЛИХАТЫНЫҢ ХАТШЫСЫ

30. Мәслихаттың хатшысы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңына сәйкес мәслихатта тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазым иесі болып табылады. Ол сессияда депутаттардың ішінен сайланады және өзінің қызметінде мәслихатқа
е с е п б е р е д і .

Сессиялар аралығындағы кезеңде мәслихаттың хатшысы барлық ресми шараларға облыстық мәслихаттың атынан қатысады, мемлекеттік және қоғамдық органдармен, ұйымдар және мекемелермен, тұрғындармен, еңбек ұжымдарымен және кәсіпорындармен байланыста болады.

Облыстық мәслихат хатшысын сайлау, мәслихат дауыс берудің басқа тәртібін белгілемесе ашық дауысқа салу жолымен жүзеге асырылады.

31. Мәслихат хатшысы лауазымына сайлау үшін кандидатура туралы ұсынысты облыстық мәслихаттың депутаттары ұсына алады.

Облыстық мәслихат депутаттары жалпы санының жартысынан көп дауыс жинаған кандидат мәслихат хатшылығына сайланған болып саналады. Хатшыны сайлау жөнінде облыстық мәслихат шешім қабылдайды.

32. Мәслихат хатшысы лауазымына ұсынылған кандидатура депутаттардың көпшілік дауысына ие болмаған жағдайда депутаттар өз кандидатураларын ұсынады және оған байланысты жаңа дауыс беру жүргізіледі.

IV БӨЛІМ.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

33. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңына сәйкес облыстық бюджеттің орындалуын бақылау үшін облыстық мәслихат өзінің өкілеттігі мерзіміне облыстық мәслихаттың тексеру комиссиясын сайлайды.

34. Тексеру комиссиясының төрағасын мәслихат, ол басқа шешім қабылдамаған жағдайда облыстық мәслихат депутаттарының ішінен, облыстық мәслихат хатшысының ұсынысымен ашық дауыс беру жолымен сайлайды және оған, сайланған депутаттар санының жартысынан көбі дауыс берген жағдайда
с а й л а н ғ а н б о л ы п е с е п т е л е д і .

Мәслихат хатшылығына ұсынылған кандидатура сайлауға қажетті дауыс санын ала алмаған жағдайда хатшы басқа кандидатура бойынша ұсыныс жасайды және екінші рет дауыс беру жүргізіледі.

Облыстық мәслихаттың тексеру комиссиясы төрағасының қызметі босатылған негізде жүзеге асырылатын болып саналады.

35. Тексеру комиссиясы мүшелерінің санын мәслихат белгілейді. Комиссияның құрамына мәслихаттың депутаты емес адамдар енгізілуі және олар өздерінің міндеттерін мәслихаттың шешімімен келісім шарт негізінде орындауы мүмкін.

Тексеру комиссиясының құрамына облыстық мәслихат аппаратының штаттағы қызметкерлері, тұрақты комиссиялар төрағалары облыс әкімдігі бөлімдерінің, басқарма және комитеттердің басшылары сайлана алмайды.

36. Тексеру комиссиясы өз ұйғарымы бойынша жылына кем дегенде бір рет кез-келген уақытта тексеру жүргізеді. Тексеру мәслихаттың немесе оның хатшысының, сондай-ақ мәслихаттың сайланған депутаттарының жалпы санының кем дегенде үштен бір бөлігінің талап етуі бойынша жүргізілуі мүмкін.

Түрлі органдардың көп рет тексеру жүргізуін және бір объектінің қайта-қайта тексерілуін болдырмау үшін облыстың қаржы органдары облыстық мәслихаттың тексеру комиссиясына бірлескен іс-әрекеттерді үйлестіру үшін өздерінің жоспарларын ұсынады.

Қажет болған жағдайда тексеру комиссиясы тиісті мамандарды тексеруге шақыруға және енгізуге құқылы.

V БӨЛІМ.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАУ ТӘРТІБІ 1 тарау. Облыстық мәслихаттың қарауына мәселелер енгізу, оларды мәслихаттың тұрақты комиссияларында алдын-ала қарау

37. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес мәслихат сессиясының төрағасы, тұрақты және басқа комиссиялары, депутаттар, облыс әкімі мәслихаттың қарауына мәселелер ұсынады.

Сессияның күн тәртібі туралы ұсыныстарды сессия төрағасына төменгі мәслихаттар жоғарғы билік органдары және басқармалар, кент, ауыл азаматтары өкілдерінің жиналысы, қоғамдық бірлестіктер ұсына алады.

38. Әрбір күнтізбелік жылдың аяғында мәслихат хатшысының өтініші бойынша осы регламенттегі 37 баптың 1 бөлігінде аталған органдар мен тұлғалар облыстық мәслихаттың келесі жылы қарайтын мәселелері туралы ұсыныс енгізеді.

Берілген ұсыныстардың негізінде облыстық мәслихаттың сессияларында қаралатын мәселелер тізбесінің жобасы құрылады, оған ұсынылған мәселелердің б ә р і е н г і з і л е д і .

Тізбенің жобасы, осы регламенттің 37 бабындағы 2 бөлігінде аталған органдар берген ұсыныстар негізінде Мәслихат хатшысы енгізген мәселелермен т о л ы қ т ы р ы л а д ы .

39. Мәселелер тізбесі облыстық мәслихаттың келесі сессиясында қаралады, оны талқылау кезінде Мәслихат жекелеген мәселелерді алып тастап, жаңаларымен т о л ы қ т ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Тізбеге, сондай-ақ қарауға қабылданған бірақ алдымыздағы жылда қаралмаған м ә с е л е л е р е н г і з і л е д і .

Облыстық мәслихат сессияларында қаралатын мәселелер тізбесі бойынша сайланған депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауысқа с а л у ж о л ы м е н ш е ш і м қ а б ы л д а н а д ы .

Осы шешіммен облыстық мәслихат әрбір мәселенің дайындалуына жауаптыларды, қорытындылар дайындау үшін бас тұрақты комиссиясын және әрбір мәселені қараудың болжаммен алғандағы мерзімін белгілейді.

40. Мәселенің қарауға дайындығына қарай оны дайындауға жауаптылар, облыстық мәслихаттың хатшысына осы мәселе бойынша облыстағы немесе оның нақты өңіріндегі істің мән-жайын талдау қорытындысы енгізілген баяндама тапсырады. Баяндамада, сондай-ақ орын алған кемшіліктердің себептері анықталады, оларды жою үшін ұсынылған шаралар негізделеді, облыстық Мәслихат шешімінің облыстық мәслихат сессиясының мәжілісіне шақырылғандардың құрамы бойынша ұсыныстардың қажетті санымен белгіленген тәртіпте ресімделген жобасы тапсырылады.

41. Осы сессияның күн тәртібіне мәселе енгізу немесе оны өңдеу жөніндегі ұсыныс туралы шешімді облыстық мәслихат сессиясының төрағасы облыстық мәслихаттың бас тұрақты комиссиясының пікірін ескере отырып қабылдайды.

Бұл жерде ол облыстық мәслихат шешімінің жобасын дайындау жұмысына қатысушылар санын, жобаны тапсыру мезгілін ескере отырып шеше алады.

42. Мәслихат сессиясына енгізілетін мәселелер бойынша материалдарды қарау, ол жөнінде қорытынды дайындау тәртібін осы регламент негізінде облыстық Мәслихаттың тиісті тұрақты комиссиясы өз бетінше белгілейді.

Облыстық мәслихат шешімінің жобасын дайындау жұмысы үшін тұрақты комиссиялар құрамынан тұрақты комиссиялардың мүшелері, облыстық мәслихаттың, осы комиссияның мүшесі болып табылмайтын депутаттары, сессияға енгізілген мәселенің инициаторларын, мемлекеттік органның, қоғамдық ұйымдардың, ғылыми мекемелердің өкілдері, мамандар мен ғалымдар енгізілген ж ұ м ы с ш ы т о п т а р ы н қ ұ р а а л а д ы .

Материалдар облыстық мәслихаттың бірнеше комиссияларында қаралған жағдайда бірлескен дайындық комиссиялары немесе жұмысшы топтары құрылады.

Облыстық мәслихат шешімінің баламалы жобалары болған жағдайда оларды негізгі жобамен бірге тұрақты комиссиялар қарайды.

43. Осы мәселе бойынша бас тұрақты комиссия тиісті аудандық (қалалық) мәслихаттарды қатыстыра отырып, мәселені жергілікті жерлерде, ғылыми мекемелерде, қоғамдық ұйымдарда, азаматтардың жиналыстарында, қоғамдық өзін-өзі басқару органдарында алдын-ала талқылау өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Қажет болған жағдайда облыстық мәслихат шешімдерінің жобалары ғылыми сараптауға жіберіледі, олар бойынша облыс әкімінің қорытындысы, тиісті бөлімдердің, басқармалардың, комитеттердің, аудандық мәслихаттардың және облыс аудандары мен қалалары әкімдерінің басқа мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың пікірлері сұратып алынады.

Мәслихат шешімінің жобасын талқылау барысында түскен ескертулер мен ұсыныстарды жұмысшы тобы немесе тұрақты комиссия қарайды.

2 тарау. Енгізілген мәселелер бойынша шешімдердің жобасын облыстық мәслихаттың қарауы

44. Талқылау нәтижесі бойынша облыстық мәслихат шешімнің жобасын негізге алады.

Шешімнің жобасына түзетулерді облыстық мәслихаттардың депутаттары ауызша (мәслихат сессиясының мәжілістерінде жарыссөздер сөйлеу процесінде) немесе жазбаша түрде енгізеді. Жазбаша түзетулерге міндетті түрде қолтаңба қойылады және мәслихат сессиясының мәжілісінде төрағалық етушіге беріледі. Авторы көрсетілмеген түзетулер қарауға қабылданбайды.

Түзетулер енгізілген шешім жобасының әрбір тармағы жеке-жеке, содан кейін жоба бүтіндей дауыс беруге қойылады. Облыстық мәслихат дауыс беру туралы шешімді оның бүтіндей жобасы бойынша бірден қабылдай алады.

Облыстық мәслихат қабылдаған шешімге сессия төрағасы және облыстық мәслихаттың хатшысы ары кеткенде жеті күн мерзімде қолтаңбаларын қояды және орындаушыларға жібереді.

VI БӨЛІМ.

ЖОСПАРЛАРДЫ, АУМАҚТЫ ДАМЫТУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ

ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫН, БЮДЖЕТТІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІ ҚАРАУ

45. Экономикалық және әлеуметтік даму, облыс бюджеті және олардың орындалуы туралы есеп жоспарлары жобаларын, сондай-ақ маңызды бағдарламаларды, оларға байланысты шешімдердің жобаларын облыстық мәслихатқа облыс әкімі олардың сессияда қаралуына кем дегенде бір ай қалғанда т а п с ы р а д ы .

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы немесе оның хатшысы аталған жобаларды алдын-ала қарау және олар бойынша қорытынды дайындау үшін тиісті тұрақты комиссияларға жібереді.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялары сессияға дейін, ары кеткенде екі апта бұрын бюджет, қаржы және экономикалық реформалар комиссияларына осы жобалар бойынша өздерінің ұсыныстары мен ескертулерін хабарлайды.

Бюджет, қаржы және экономикалық реформа мәселелері бойынша тұрақты комиссия басқа тұрақты комиссиялардың ұсыныстары мен ескертулерін қорытып, комиссияның қосымша баяндамасын дайындайды, оны сессияда оқиды.

46. Қажет болған жағдайда облыстық мәслихат аталған жобаларға қосымша сараптау жүргізу немесе оларды халықтық талқыға салу жөнінде шешім қабылдауы мүмкін.

VII БӨЛІМ. БАҚЫЛАУДАҒЫ ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ

47. Облыстық мәслихат шешімдерінің, облыс жоспарларының, облыс аумағын экономикалық және әлеуметтік дамыту бағдарламаларының, облыс бюджетін орындау, облыстық мәслихатта құрған немесе сайлаған органдардың, сондай-ақ олар сайлайтын лауазым иелерінің қызметін бақылауды жүзеге а с ы р а д ы .

48. Облыс әкімі жартыжылда кемінде бір рет өзінің атқарған істері мен алдына қойған міндеттерінің орындалуы жөнінде облыстық мәслихат депутаттары алдында есеп береді.

Облыстық мәслихат облыс әкімінің есебін талқылау нәтижесінде жұмыстарына баға беріп, шешім қабылдайды.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 2006.10.04 N 31-245 Шешімімен.

49. Облыстық мәслихаттың депутаты, мәслихаттың тұрақты комиссиясы мәслихат сессиясының төрағасына, мәслихаттың хатшысына, облыстық мәслихаттың және оның органдарының, облыс аумағында орналасқан кәсіпорын,

ұйым, мекемелерінің басшыларына сұраным жасауға құқылы.

Сессияның ашылуына дейін енгізілген сұраным, сессияның күн тәртібінің жобасына енгізіледі, оның мазмұны сұраным мәтінін тарату жолымен депутаттардың назарына жеткізіледі немесе төрағалық етуші мәтінді жария етуі мүмкін.

Депутаттық сұраным сессияның қарсаңында енгізілген жағдайда, оны шұғыл түрде облыстық мәслихаттың хатшысы сұраным бағытталған органның немесе лауазым иесінің назарына жеткізеді. Соңғысы осы сессияның сұранымына ауызша немесе жазбаша жауап беруге міндетті.

Өзіне сұраным жасалған депутат немесе тұрақты комиссия сұранымға жауап берген органға немесе лауазым иесіне қосымша түсінік беру жөнінде өтініш жасай және реплика айта алады.

Тыңдаудан кейін сұранымға берілген жауап талқылауға қойылуы мүмкін. Сұранымға берілген жауап бойынша шешім қабылданады.

Сұраным, тікелей облыстық Мәслихаттың сессиясында енгізілген жағдайда сұраным жасалған орган немесе лауазым иесі осы сессияда жауап бере алмаса облыстық мәслихат сұранымға жауапты, кезекті сессияда беру жөнінде шешім қабылдайды. Аудандық, қалалық халық соты төрағасына, тексеру органдарының басшыларына жолданған депутаттардың сұранымы олардың өндірісіндегі нақты істерге қатысты бола алмайды.

50. Облыстық мәслихаттың сессиясында айтылған немесе сессияда төрағалық етушіге жазбаша түрде берілген ұсыныстар, ескертулер облыс әкімінің немесе тиісті мемлекеттік органдардың және лауазым иелерінің қарауына жіберіледі.

Облыстық әкімдік (дүркін-дүркін) Мәслихат сессиясында айтылған ұсыныстар мен ескертулердің жүзеге асырылу барысын баяндап тұрады.

51. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялары облыстық мәслихат шешімдерінің жүзеге асырылуына, Алматы облысының аумағындағы мемлекеттік және қоғамдық органдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыруға қатыса отырып, тиісті органдардың міндетті түрде қарауына жататын ұсыныстар әзірлейді және нұсқаулықтар қабылдайды.

Тұрақты комиссиялар мемлекеттік және қоғамдық органдардың қызметіне бақылауды Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңында белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

VIII БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

52. Осы регламент, Әділет департаментінде тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және облыстық мәслихаттың сессиясында ғана оған толықтыру, өзгерту енгізілуі немесе күші жойылуы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК